

"Селекциялық жетістіктердің, өнеркәсіптік меншік объектілерінің, тауар таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атауларының, интегралдық микросхемалар топологияларын тіркеу өтінімдеріне сараптама жасау қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 29 тамыздағы № 1349
бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2022 жылғы 10 ақпандығы № 118 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 15 ақпанды № 26809 болып тіркелді

БҰЙЫРДАМАНШАУАЛЫК:

1. "Селекциялық жетістіктердің, өнеркәсіптік меншік объектілерінің, тауар таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атауларының, интегралдық микросхемалар топологияларын тіркеу өтінімдеріне сараптама жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 29 тамыздағы № 1349 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17459 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тауар таңбаларына және тауар шығарылған жерлердің атауларына өтінімдерге сараптама жасау қағидаларында:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Өтінімді алдын ала сараптау өтінім берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Алдын ала сараптама барысында өтінімнің мазмұны, сараптама жүргізу үшін қажетті материалдардың болуы, басымдық күні, ТКҚХС-ның қолданыстағы редакциясына сәйкес тауарлар мен қызметтердің тізбесі тексеріледі.

Сараптама ұйымы алдын-ала сараптама жүргізу мүмкін болмайтын қосымша немесе нақтылайтын мәліметтерді мынадай жағдайларда сұратады:

- 1) осы Қағидалардың 3-тармағында көзделген құжаттар жинағын толық ұсынбаса;
- 2) өтініште қажетті мәліметтер, деректемелер, қолдары болмаса, сондай-ақ өтініште келтірілген мәліметтерді нақтылау қажет болған жағдайда;
- 3) құжаттарды ресімдеуде олардың тікелей репродукциялауға кедергі келтіретін кемшіліктері анықталса (өтінім материалдарын оқуды қындалатын баспа сапасы);
- 4) егер өтініш беруші көлемді, голографиялық, дыбыстық немесе иісті белгіні және (немесе) оның сипаттамасын беру қажеттілігін және ұсынған материалдар мәлімделген белгінің ерекшеліктерін жеткілікті түрде көрсетпесе;
- 5) тауарлар және (немесе) көрсетілетін қызметтер тізбесінің осы Қағидалардың 5-тармағының талаптарына сәйкес келмесе.

Сарапшының сұрақтары, ескертулері және дәлелді ұсыныстары заңнама ережелеріне сілтемелермен бірге сұрау салу кезінде қалыптастырылады.

Сұрау салу өтініш берушіге жіберілген кезде алдын ала сараптама жүргізу мерзімі сұрау салу жіберілген күннен бастап үш айға ұзартылады.

Сұрау салуға жауап беру немесе өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру үшін белгіленген мерзімді ұзарту туралы өтінішхатқа сұрау салуға жауап беру мерзімін ұзартқаны үшін немесе өткізіп алған мерзімді қалпына келтіргені үшін төлемді растайтын құжат қоса беріледі.

Сұрау салуға жауап беру немесе белгіленген мерзімдер өткеннен кейін сұрау салуға жауап беру мерзімін ұзарту туралы өтініш болмаған кезде өтінім бойынша іс жүргізу тоқтатылады, бұл туралы өтініш берушіге белгіленген мерзім өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тиісті хабарлама жіберіледі".

2. Зияткерлік меншік құқығы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі

K. Мусин